



БҰЙРЫҚ

2020 м. 22 қаңтар
Петропавл қаласы

ПРИКАЗ

№ 5
город Петропавловск

Банкроттық басқарушыны тағайындау туралы

«Банкроттық және оңалту туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 93б. 4т. және 15 б. 2 тт. сәйкес және 2020 жылғы 13 қаңтардағы "ТрансЭнергоСбыт-Казахстан" ЖШС кредиторлар жиынының шешімінің негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "ТрансЭнергоСбыт-Казахстан" ЖШС, БСН 050540001400 банкроттық басқарушысы болып Николай Павлович Россошанский тағайындалсын.

2. Н.П. Россошанскийге Қазақстан Республикасы оңалту және банкроттық туралы заңнамасының талаптарына сәйкес банкроттық басқарушының міндеттерін атқару жүктелсін.

3. Банкроттық басқарушы Н.П. Россошанский Қазақстан Республикасы оңалту және банкроттық туралы заңнамасы талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау борыштармен жұмыс басқармасының басшысы Г.Қ. Қадырбековаға жүктелсін.

Басшы



Т. Қабдөшев